ним болатын фразеологиялық жұптарда мағына қарама-қарсылығымен қатар, ортақ және қосымша мағыналық компоненттер ұшырасады, сондай-ақ оларда антонимдік қасиет жоғары, орта, әлсіз (төменгі) деңгейде көрінеді.

1 Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии. – Самарканд, 1990. – 216 с.

2 Новиков Л.А. Антонимия в руском языке. – Москва, 1978. – 245 с.

3 Черная А.И. Синонимика-антонимические антонимия ФЕ в пределах семантического поля // Лексико-грамматическая сочетаемость в германских языках: Межвузовский сборник. – Челябинск, 1977. – Вып. 2. – с. 148-154.

4 Зимина Л.П. Антонимия фразеологических единиц в современном немецком языке: Автореф. дис. канд. Филол. наук. – Ленинград, 1974. – 24 с.

5 Пюрбаев Г.Ц., Бертагаев Г.А. Антонимия слов и антонимия фразеологизмов в современном монгольском языке // Труды Самаркандского университета. – 1970. – Вып. 178. – с. 159-164.

6 Иванова В.А. Антонимия в системе языка. – Кишинев, 1982. – с.163

7 Уфимцева А.А. Слова в лексико-семантической системе языка. –Москва, 1968. – 272 с.

8 Тонконогова Т.А. К характеристике разноструктурных фразеологических антонимов в современном французском языке // Сборник научных трудов Московского гос. пед. инс-та иностр. яз. им. М. Тореза. – Москва, 1979. – Вып. 140. – с. 62-72.

9 Львов М.Р. К вопросу о типах лексических антонимов // Русский язык в школе. –1970. – № 3. – С. 71-75.

10 Пупкова А.И. Проявление степени антонимичности в лексической иерархии // Вопросы прикладной лингвистики. – Днепропетровск, 1976. – Вып. 6. – с. 8-14.

11 Селина Р.В. Использования антонимов в создание речевого контраста // Слова как предмет изучения: Сб. науч. трудов. – Ленинград, 1977. – с. 79-82 .

12 Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. – 176 б.

13 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

Г. Сырлыбаева

Семантика противоположенных фразеологизмов

В статье рассматривается семантика противоположенных фразеологизмов в казахском языке.

G. Syrlybaeva

The semantics of contrasting phraseology

The article deals with the semantics of contrasting phraseology in Kazakh language.

Ж. К. Сүйінжанова,

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, аға оқытушы, ф.г.к. Түркістан қ.,

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕҢГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛАНУЫ

Еркін сөз тіркесінің құрамынан шығып, атаулық тіркес ретінде танылып жүрген тұлғалардың тілдік табиғатын анықтап, олардың грамматикалық, қызметтік және семантикалық мәнін айқындаудың ғылыми маңызы зор. Сөз тіркестерінің дамуы жаңа сөздердің жасалуын туғызатыны даусыз. Ұлттық тіл білімі бойынша жалпы тіркестер туралы зерттеудің негізін қалаған ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтан бастап, сөз тіркестері туралы ғылыми пікірлер айтқан ғалымдар Н.Т. Сауранбаев, С.Исаев, Ә. Аблақов, Е. Ағманов, Р. Әмір, Т. Сайрамбаев, Н. Оралбаева, А.Б.Салқынбай, Б.Қасым т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркесі мәселесі теориялық та, практикалық та түрғыдан жанжақты зерттелген. Сол еңбектерде меңгерудің табиғатына назар аударылып, тиісті анықтамалар беріліп, диссертациялар қорғалып, меңгеру мәселесінің табиғаты анықталды. Сөз тіркесі, оның ішінде меңгеру мәселесі алғаш Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев еңбектерінде көтеріліп, бұл мәселенің одан әрі зерттелуіне жол ашылды. М. Балақаевтың еңбектерінде сөз тіркесі мәселесі кеңінен зерттеліп, онда сөз тіркесінің құрылысы, өзіне тән ерекшеліктері, сөздердің байланысу тәсілдері мен формалары және олардың тіркесу қабілеттері жан-жақты ашылып көрсетіледі. Бұл мәселеде С. Исаевтың, А. Аблақовтың, Р.С. Әміровтің, Т. Сайрамбаевтардың еңбектерін атап өткен орынды.

Тілімізде изафеттік тіркестердің, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің атау туғызу қызметі мол. Сонымен қатар, әбден қалыптасқан меңгеріле байланысқан сөз тіркесінің негізінде жасалған термин сөздер мен атау-

лардың бар екені байқалады. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің лексикалану құбылысы туралы ең алғаш Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағманова еңбектерінде айтылған. Сөз тіркестерінің лексикалануы сөз жасаудың ең бір өнімді тәсілдерінің бірі екендігін айта келе бойжеткен, ержету, аяқбасу, Алғабас т.б. сөздерінің даму сатысын жан-жақты талдайды [1, 312 б.].

Ал «Қазақ грамматикасында» біріккен сөздердің де, тіркесті күрделі сөздердің де түп негізі сөз тіркестері деген қағида ғылымда әбден орныққан. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінен жасалған біріккен сөздер азырақ. Олар төмендегідей *алжапқыш, атқамінер, орынбасар, демалыс, қаптесер* т.б. Бұл біріккен сөздердің түп төркіні алды-жапқыш, атқа-мінер, орынды-басар, демді-алыс, қапты-тесер екені талас туғызбайды. Сондықтан бұл біріккен толықтауыштық қарым-қатынастағы тіркестен қалыптасқан деп санауға болады деп берілген [2, 254 б.].

Атаулық тіркестер сөз тіркесінің грамматикалық байланысу үлгісі негізінде дамыса, атаулық тіркестердің негізінде біріккен сөздер пайда болады. Күрделі сөздердің ішінде біріккен сөздердің шығу тегі атаулық тіркестердің тарихымен тығыз байланыста. Бұл туралы ғалым Н. Уәли «Біріккен сөз – екі таңбаның жай ғана механикалық түрғыдағы қосындысы емес. Екі таңба (А, В) бірігіп, жаңа сипаттағы таңбаға (С) айналу үшін, бірігуге тиіс екі таңба әртүрлі деңгейдегі аздыкөпті а) мағыналық, ә) формалық (материалдық) өзгеріске ұшырауы шарт. Сондықтан біріккен сөздерді айқындау үшін оларды алдымен мазмұнмеже, түрпатмеже түрғысынан қарастыру қажет. Олай болса, бірігуге тиіс таңбалардың семантикалық құрылымын денотат, сигнификат теориясы түрғысынан қараудың мәні айрықша. Бұл ретте бірігуге тиіс белгілі бір екі таңбаның әрқайсының семантикалық құрылымындағы денотаттық, сигнификаттық компоненттерді өзара салыстырып көруге болады» деп тұжырым жасайды [3].

Мысалы «*түсаукесер, ауызашар, атаққұмар*» сөздерін талдағанда жалқыдан біртіндеп жалпыға қарай абстракциялануын көреміз, біртіндеп күрделене түскен. Бұрын бұл үлгі (түсауды кесер, ауызды ашар, атаққа құмар) құрамындағы сөздер меңгеріле байланысқан, пысықтауыштық қатынасты білдіретін етістік сөз тіркесі болса, қазір ол қосымша жеке ұғым атауы ретінде де қолданылады. Соңғы қызметі адамдар арасында болатын әртүрлі қатынасты білдіре түсудің нәтижесінде тіркестегі сөздердің әрқайсысына тән мағына көмескіленіп, екеуі қосылып бір ғана мағынада қолданыла бастаған, осыдан жаңа сөз пайда болған.

Бұл сөздер меңгеруден қабысуға дейін дамып, одан күрделі сөздерге қарай ұласқан атаулық тіркестердің жасалуы мен даму жолы: *түсауын кесер – түсау кесер – түсаукесер; атаққа құмар – атақ құмар – атаққұмар* т.б. Тіркес құрамындағы сөздердің мағынасы грамматикалық формаларға ауысып отырған. Бір формадан екінші формаға ауысқан сайын олардың лексикалану процесі арта түседі. Сондықтан сөз бен сөзді байланыстырушы формалар біртіндеп жойыла бастаған.

Жалпы тіл білімі мен орыс тіл біліміндегі ғылыми зерттеулерде тұрақты тіркестердің пайда болуы мен жасалуы лексикаланудың нәтижесі екені кең қарастырылған. В.В. Виноградов [4] зерттеу жұмысында тұрақты тіркестердің жасалуы мен қалыптасуының басталуы олардың лексикалануымен байланысты екенін түсіндірген. Автор фразеологиялық тұтастықтың, фразеологиялық бірліктің және фразеологиялық тіркестің мағынасын олардың құрамындағы сөздермен байланысты қарау керектігін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың "Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика" [5] деп аталатын еңбегінде фразеологиялық бірліктер фразалық тіркестер деп аталатыны белгілі. Мұнда ғалымдар тұрақты тіркестерді идиомдар мен фразалар деп бөліп жіктейді, әрбірінің өзіндік ерекшелігін көрсетіп, мысалдармен дәлелдеп береді. Авторлар идиомдар мен фразаларды бөліп көрсетіп, оларды сипаттап, ғылыми анықтамасын беріп, грамматикалық, лексикалық, семантикалық ерекшеліктерін қарастырады.

І. Кеңесбаев "Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі" атты жұмысында фразеологизмдердің мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы сияқты негізгі ерекшеліктерін атап өте отырып, былай дейді: "Фразеологиялық единицалар өзінің сыртқы түрпаты жағынан еркін тіркестерге ұқсайды; мәселен, атрибутты тіркестердегі (анықтауыш – анықталғыш) соңғы компонент өзінің негізгі мағынасын сақтап, тиянақты келетін болса, анықтауыш компонент ауыспалы мағынада жұмсалады: *асқар тау, сүмбіл шаш, қолаң*

шаш, қынай бел, қыпша бел; демек адъективті тіркестердің (сын есімді, сан есімді, зат есім мен сынға айналған зат есімді, немесе сын есім, сан есімнен жасалған туынды өзге есімді тіркестер) анықтауыш компоненті осы ізбен жасалатындығы күмән келтірмейді: *сасық бай, егіз қозылы, екі жүзді, бір қайнатым (шай)* т.б. *Шілде түскенде, түн баласына, таң сыз бергенде* тәрізді адвербиалды (үстеу) тіркестер де жоғарыдағыдай бір сыңары негізгі мағынада жұмсалып, кейінгі компоненті туынды мағынада тұрады*"* [6;593].

І. Кеңесбаевтың бұл тұжырымы арқылы біз адъективті тіркестердің негізінде жасалған атаулардың кейін идиомдар мен фразалар ретінде танылатынын аңғарамыз. Кез келген тұрақты тіркестер еркін тіркестің дамуы арқылы пайда болғаны белгілі. Бұл жайында І. Кеңесбаев көрсетілген зерттеу жұмысында "Фразеологиялық единицалардың бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын біртебірте қалыптасқаны, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны сөзсіз" дейді [6; 605]. Тұрақты тіркестер мен еркін тіркестердің арасындағы аралық буын ретінде атаулық тіркестер болады деп көрсетеміз. Еркін тіркестер тілдің дамуында лексикалану процесін басынан өткеріп, соның нәтижесінде атаулық тіркестер ретінде қызмет еткен. Келе-келе мағыналық ауыспалылық, тұлғалық тұрақтылықтың нәтижесінде, әрі метафораланып келіп тұрақты тіркестер ретінде танылған.

Қазақ тіл білімінде матаса байланысқан, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің лексикалануы зерттелді. Зерттеуші М. Сәрсембаева "Матаса байланысқан сөз тіркестерінің лексикалануы негізінде жасалған туынды сөздер семантикасы" атты еңбегінде матаса байланысқан сөздердің лексикалануы арқылы пайда болған жаңа мағыналы атауларды ономасиологиялық аспектіде, атау теориясы мен уәжділік негізінде қарастырады. Осы бағытта қабыса байланысқан сөз тіркестерінің лексикалануы, олардың семантикасы, парадигмалық және синтагмалық мағынасы жөнінде Ж. Әуелбекова кандидаттық диссертация қорғады. Алайда меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің даму процестері, лексикалануы әлі де зерттеуді қажет ететіндігін аңғартады.

Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері арқылы жасалған туынды сөздерді жинап, топтастырғанда оларды: фразалық тіркестер, атаулық тіркестер, біріккен сөздер, қос сөздер деп бөліп қарастырдық.

Атаулық тіркестер: *жалға беруші, қалаға шоғырлану, жылу қабылдағыштар, өздігінен тозаңдану, дауысқа салу, еңбекке жарамды, ауруға шалдығу, іске асыру, бетімен жіберу, әдебиеттануға кіріспе, жарыққа шығару, ойдан шығарылған, жан алғыш, кәмелетке толмағандар, бәсекеге қабілетті.*

Біріккен сөздер: *орынбасар, атаққұмар, итжеккен, бойжеткен, алжапқыш, тіскебасар, күнқағар, ұлтабар, атқамінер, көзілдірік (көзгелдірік), ізбасар, тілалғыш, мұзжарғыш, өнертапқыш*.

Қос сөздер: *ауыздан-ауызға, алдын-ала, қараптан-қарап, өзімен-өзі, тектен-тек, ойдан-қырдан, ойда-жоқта, қаннен-қаперсіз, аштан-аш, бастан-аяқ, баладан-балаға, ұзыннан-ұзақ, бостан-босқа, қолдан-қолға, кімдекім, тікеден-тік, тегіннен-тегін, жападан-жалғыз.*

Меңгеру арқылы жасалған фразалық тіркестер тілімізде көптеп кездеседі. Олар меңгерудің барлық түрін қамтиды. *Мысалы, араны ашылу, әжетке жарау, ағынан жарылу, айылын жыймау, ақылға сыймау, аузынан түскендей, басына көтеру, бетке ұстар, дүниеге келу т.б.*

Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері арқылы жасалған туынды сөздердің ішінде атаулық тіркестерге қатысты тілдік фактілерді жасалу жолдарына қарай *меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінен пайда болған атаулар, меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінен пайда болған атаулар* деп бөлінеді:

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінен пайда болған атаулар:

табыс септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *күшін жою, мерзімін ұзарту, беделін түсіру;*

барыс септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *тіл біліміне кіріспе, әдебиеттануға кіріспе, тіске басар, сапқа тұру, әуреге түсу, ойға түсу, апатқа қарсы басқару, кәдеге жарату, есепке алу, кейінге қалдыру, қалаға шоғырлану, ортаға бейімделу, жерге қосу, жеуге жарайтын, аңызға айналған, дауысқа салу, жеке басқа табыну, қарыққа шығару, тәртіпке келтіру;*

жатыс септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *артта қалу;*

шығыс септік + етістік тіркесті туынды

сөздер: *қашықтан басқару, өздігінен жану, істен шығу, қолдан сұрыптау, өздігінен тозаңдану, қолдан тоқылған, шектен шығу, бас бостандығынан айыру, көргенінен жазбау, ойдан шығарылған, орнынан түсу, естен тану;*

көмектес септік + етістік тіркесті туынды сөздер: *ауамен салқындату, газбен жабдықтау, жұмыспен қамту;*

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінен пайда болған атаулар:

табыс септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *зейнетақыны жинақтау қоры; теристеуді терістеу заңы,*

барыс септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *еңбекке жарамдылық, жалға беруші, аязға төзімділік, тозуға төзімділік, жалпыға ортақ, пұтқа табынушы, әскерге шақырылушы, бәсекеге қабілетті, ведомствоға қарасты, құзға өрлеуші;*

жатыс септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *артта қалушылар;*

шығыс септік + есім сөз туынды сөздер: *өздігінен таралушылар, қалыптан тыс;*

көмектес септік + есім сөз тіркесті туынды сөздер: *бумен жібіткіш, бауырымен жорғалаушылар, бетімен кетушілік, тозаңмен қоректендіргіш;*

Сонымен, меңгеріле байланыса келіп лексикалану негізінде жаңадан жасалған атаулар қазақ тіл білімінде көптеп саналады. Бұндай тәсіл арқылы жаңа мағыналы туынды сөз жасау, әсіресе термин жасауға байланысты, фразалық тіркестерде белсенді қолданылады. Меңгеріле байланыста түрған сөз тіркестерінің атаулық сипатқа ие болып, жаңа мағынада жеке туынды сөз ретінде жұмсалуы сөздік құрамды дамытатыны даусыз. Өйткені бұл сөздердің барлығы да сөздіктерге реестр ретінде енген атаулар. Біз осы атауларды мағыналық топтарға бөліп, жасалу жолдарына қарай топтастыруға тырыстық. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінен жасалған атаулар сөзжасамдық түрғыдан арнайы зерттеуді қажет етеді.

Тіркестердің лексикалануы белгілі уақыт пен кеңістікке, ондағы әр алуан қызмет пен іс-әрекетке байланысты орындалады. Әрбір тіркестің өзіндік мағыналық жағынан лексикалану жүйесі бар екенін аңғарамыз.

1. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 782 б.

3. Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері: филол. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2007. – 329 б.

4. Шакенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б.

5. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. – Алматы, 1962. – 314 б.

6. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

Ж. Суйинжанова
Лексикализация словосочетании и их семантические развития в казахском языке

В статье рассматривается лексикализация словосочетании и их семантические развития в казахском языке.

J. Suyinzhanova
Phrases lexicalization and their semantic development in Kazakh language

In the article the phrases lexicalization and their semantic development in the Kazakh language are considered.

Г. Қ. Темірбекова,
ОҚПУ доценті, ф.г.к.

АТАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Атаулы сөйлемдер деп арнайы хабарлау мақсатында қолданылатын және осының негізінде предикативтілік пен модальділікті білдіретін синтаксистік мағына беретін, құрылымдық негізін атау түлғасындағы немесе заттанған форма құрайтын сөйлемді айтамыз. Мұндай атау септігіндегі немесе заттанған форма аясында құрылған арнайы хабарлауларды мына төмендегі мысалдардан көруге болады: 16 желтоқсан. 1986 жыл. Республика алаңы. Кеш. Айдала. Көлдің биік қабығы. Әлсіз жел. Иесіз қыстау. Ақан. Тілсіз бала.